ОҚЫЛЫМ. 2-тақырып.

Лексикалық тақырып: **ҚАЗАҚТЫҢ ТЕАТР ЖӘНЕ КИНО ӨНЕРІ**

М. Әуезов атындағы академиялық *драма театры* қазақтың алғашқы профессионалдық театры 1925 жылдың аяғында ұйымдасты.

1926 жылы 13-қаңтарда М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясымен тұңғыш театр шымылдығы ашылды. Алғашқы ашылған жылдары мұнда қазақтың халық ішінен шыққан *өнерпаздары* Иса Байзақов, Әміре Қашаубаев, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов, Жұмат Шанин, Қалибек Қуанышбаев және т.б. ойнады. Театрдың алғашқы режиссері және басқарушысы Ж. Шанин болды. Б. Майлиннің «Некеқияр», «Шаншар молда», Ж. Шаниннің «Торсықбай қу», «Арқалық батыр» сияқты шығармалары театрдың *алғашқы репертуарын* құрады. Қазақ драма театрынан 1934 жылы қазақтың опера және балет театры бөлініп шықты. Қазақтың *кино өнері* тарихында киноактерлер: Жұмат Шаниннің, Шәкен Аймановтың, Әмина Өмірзақованың, Асанәлі Әшімовтың, Меруерт Өтекешованың т.б. есімдері *ерекше зор құрметпен* аталады.

Шәкен Айманов атындағы киностудия Алматы кинохроника студиясы (1934) *базасы негізінде құрылды*. «Қазақфильмнің» қалыптасып, *өркен жайып* өсуіне Ш. Аймановтың қосқан *үлесі елеулі*. Ол осы киностудияның 1953 жылдан 1970 жылға дейін *көркемдік жетекшісі* болды. 1952 жылы «Жамбыл» атты *толық метражды* түрлі-түсті көркем фильм тұңғыш рет жасалды, ал 1965 жылы «Алдар көсе» атты алғашқы кең экранды көркем фильм түсірілді. Тұңғыш рет халықаралық дәрежедегі жүлдеге ие болған қазақтың көркем фильмі «Ана туралы аңыз» 1964 жылы экранға шықты. Көрермендердің ерекше ілтипатына бөленген «Қыз Жібек», «Атаманның ақыры», «Транссібір экспресі», «Шоқан» кинофильмдері осы «Қазақфильм» студиясында жасалды.

Жаңа сөздер:

алғашқы - первый
профессиональный - профессионалдық
ұйымдасты - организован
ашылды - открыт
басқарушы - руководитель
атындағы - имени
өнерпаздар - таланты
шығармалар - произведении, сочинении
көркемдік жетекші - художественный руководитель
толықметражды - полнометражный
түрлі-түсті - цветной
халықаралық-международный

Мәтінге тапсырмалар:

1. **Жаңа сөздерді сөздікті дәптерге жазыңыз.**
2. **Мәтінді орыс тіліне аударыңыз.**
3. **Берілген сұрақтарға жауап беріңіз.**

1) Қазақтың алғашқы кәсіби театры қай жылы ұйымдастырылды?

2) Театр шымылдығы кімнің және қандай шығармасымен ашылды?

3) Театрдың тұңғыш режиссеры кім?

4) Театрдың алғашқы репертуарын атаңыз.

5) Қазақфильм киностудиясы қай жылы құрылды?

6) Киностудияның көркемдік жетекшісі кім болды?

7**)** Толықметражды, түрлі-түсті көркем фильм тұңғыш рет қай жылы жасалды?

4. Театр өнері туралы ұлағатты сөздерді оқып, дәптеріңізге жазыңыз:

Театр – сымбатты өнердің ішіндегі ең зор өнердің бірі. (М.Әуезов)

Жақсы пьеса – сапалы әдебиет белгісі. (М.Әуезов)

Театр ісі нәзік, күшке салуды көтермейді... Қайтадан өңдеп, істеуге болмайды. (Жұмат Шанин)

Біздің өмірімізде театр бос думан емес, тіршіліктің ісі, қоғамның өсуіне көмектесетін өнер, жаңа өмірдің насихатшысы. (К.С.Станиславский)

5. Өнер туралы мақал – мәтелдерді дәптеріңізге жазып, жаттап алыңыз.

1. Ақыл көпке жеткізер,
Өнер көкке жеткізер.
2. Өнерлінің өрісі ұзақ.
3. Өнерлі жігіт өрде озар,
Өнерсіз жігіт жер соғар.
4. Ел іші – өнер кеніші.
5. Өнер алды – қызыл тіл.
6. Жігітке жетпіс өнер де аз.

6. Өзіңіздің қаламыздағы драмалық театрлар туралы ақпарат беріңіз.

Құрметті оқушылар! Бүгін біз сан түрлі өнердің ішінде театр мәдениетінің, театр өнерінің алатын орны ерекше екені туралы мағлұмат аламыз
Бүгінгі сабақтың тақырыбы: «Театр - мәдениет ошағы».

«Театр – мәдениет ошағы». Сан түрлі өнердің ішінде театр мәдениетінің, театр өнерінің алатын орны ерекше.

Әр халықтың тұрмыс - тіршілігі, салт - санасы, әдет - ғұрпы, тағылымды тарихы болады. Өзінің өнері арқылы әр халық ұлттық болмысынан, өмір сүру салтынан хабар береді. Басқа өнер түрлері сияқты театр өнері де қоғамдық ой - сананың, адами дүние танымның жемісі.